

Жанар Нурғали



Аннак
Әлем

Жанар Нұрғали

Аппақ
Әлем

Ақтөбе
2011

УДК 821.512.122-1

ББК 84 Қаз

Н 86

Н 86 **Нұрғали Жанар. Аппақ әлем:**

Өлеңдер. – Ақтөбе, 2011, - 56 бет.

ISBN 978-601-7273-64-4

Бұл – өлеңдерінің табиғаты нәзік, лирикалық иірімдерден тұратын Жанар Нұрғалидің тырнақ алды жинағы. Жас ақын өмірдің болмысын, ақ-қара бояуын туындыларына арқау еткен.

УДК 821.512.122-1
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-7273-64-4

© Жанар Нұрғали, 2011



КЕШІРІҢІЗ...

Көлмәскә мүлдә кәткім кәләді –
Жетінші қатқа,
«Сағынып сәні кәттiм» дәп өдi,
...Нешiншi қақпа?

Тамұқ па сәнiң тынығар жәрiң –
Жырынды ғалам?
Есәймәйтұғын кiм ұғар мәнiң
Мұңымды балаң?

Кәудәмдә жүргән күлөгәш үмiт,
Жылай ма налып?..
Шағынсам ба өкән, дүрегә өшiгiп...
Құдайға барып?..

Батпағын жердiң тiзедән кәштiм –
Алданам босқа...
Ойлы ақымақты түзәмәйдi өшкiм,
Алладан басқа...

Күнәли ауызға өсiмiңiз,
Түсiп кетiптi... кешiрiңiз...





НӨЛ

Аяғы не басы жоқ,
Нөлге айналдым, сенер кім?
Бетін сызып жасын-от,
Безереді келер күн.

«Нең бар?-дейді, нем қалды? –
Дөңгеленген шеңбермін,
Кеудемде елес ем бар-ды,
Сол біткенде-ақ өлгенмін.

Оққа, отқа көрінген,
Жүрегімді тестірдім.
Нөл боп туар едім мен,
Ерте білсем... кеш білдім!..

Жерлеп бітті төзімді,
Сауалдары көп күннің.
Күнпарақтан өзімді
Жыртып алып жоқ қылдым...
түсімде...





АУАҒА СІҢІП КЕТПЕСЕМ...

*Бүгін күн – көркем, жараға ем,
Кіргім келмейді бөлмеге.
Ақ қармен, сұлу ауамен,
Талықсып жатыр Жер – дене.*

*Тәтті мұң сыйлар уақытпен,
Тылсымын ұғып, беттесем...
Арманым салған бақытқа ең,
Бетімнен, бірақ, өп десем –
Өзімді өзім жоғалтып,
Іздейтін күйді көп кешем...
Бір жұтым мөлдір ауа боп,
Ауаға сіңіп кетпесем...*





ҮРҒҒЙ

Айналама қарап ем,
ақ па өкен деп бүгін бір,
Қара тірлік, қара әлем –
тартты үмітім бұлыңғыр.

Күйін кештім жындының,
пендені аяп жыладым –
Жығып жатты бір-бірін,
қақпасына күнәнің.

Бірөуі жоқ түсінген,
пәктік деген киені.
Шыңғырдым мен ішімнен,
жұқтырып ап күйені.

«Жұқтырғаның – күйе емес»,
деп үмітім күбірлеп,
Бүкіл өлем күйелеш... –
жынды жел жүр күл үрлеп!..

Аққа сонда кім ие?!
(жоқ, қорғама, жанығып!)
Дөңгеленді дүние,
күнә-шекпен жамылып...

Кім, қайда өзі ұқпадым –
ақ өлемді қашты алып?!
Кір-күйенің жұққанын,
«Бақыт» дөймін мастанып.

Кешеріне сенбедім,
Алла деген күштің де,
Ақ көудеме жерледім,
қап-қара мұң іштім де...



Көкте ме осы пендөнің асқан бағы?
Жерде жүрсем, бақыт деп бір у табам.
Айға сіңіп кетсем бе аспандағы?!
Қайда барып, мен өнді жылу табам?!

Жер жүрегін де осындай арман ойған,
Себеп – көктің бәрі де періштелер.
Мұнда жүрсе ауардай арбалы ойдан,
Кетпей ме бір сол жаққа келіскен ел

«О, қайда арман шарықтап кеткен, бала?
Барсаң, Ай да отына жандырады,
Жылу табам дейтұғын көктен гана,
Ақымақтың айтатын сандырағы...»

Деп мені ылғи қара Жер жұбатады,
Жұбатады әлдилеп Аспан әлем.
Көрінбес сол кеңісті ұнатады,
Жыр құмар қыз әлі өшкім баспаған ең,
Көкке гашық жүрегін Жер жұбатып,
Содан гой түр әлдилеп Аспан әлем...





БҰЛБҰЛДЫҢ ӘНІ

*Ей, адам, бітсін, осымен,
Жетеді. Тойдым. Тойдырдың.
Адамдық қана тосып ем,
Жалғанға жанды ойдырдың.*

*Келіп жүр енді безінгім,
Сендік әлеммен қоштасып.
Бақыттырақтау кезімнің,
Арманыменен достасып.*

*Санаңда ғана жаңғырып,
Жоғалсам деймін жанардан.
Жеріңе кеппін қаңғырып,
Бұйырып уға балар дәм.*

*Кінәңді маған артпашы,
Жасырып қалып жақсымды.
Екінші әлемнің қақпасы –
Саған – мұң, маған – бақ сынды.*

*Жетпейді мұңым, ап кетем,
Буымен Айға жаңбырдың.
Елгззір жырым, ақ көкем,
Қалғанын басқа қалдырдым.
Алып кетіңдер, жұлдыздар,
Келмейді қайтып қаңғырағым.
Алып кетіңдер, жұлдыздар...*



...ӘЛДРЛ ӘЛМЛН БҰЛ

Өзгерді бұ заман,
мен де өзге басқамын.
Ұлиды ішімде
ит-тірлік қас-қағым.

Жазмышты тілдемең,
Жазмышың – құдай ғой.
Шолақтау ойласақ,
құрдымға құлайды ой.

Адами күйбеңнен,
басымдау пенделік.
Жүр көбі бір-бірін,
құлатып, сенделіп.

Төңкеріс, не болар,
ой-сана тартысы?
Дінде ме, неде осы,
өлемнің бар күші?

Әлем тұр есінеп,
түссізге боялып.
Тірілер қалғыды,
өлілер оянып.

Адам-ой – адасқақ –
меңің бар жарам дүр.
Үміті – ай-елес,
өлара – заман бұл



АҒАҒА

Арман, үмітім биіктерге бір шарықтай алмай,
Өлеңім сиреп, жыр-дода топты жарып,
тай алмай,

Барлық адамнан мейірім күтіп, жанарым жасып,
Көгімде менің қарлығаш жырлар
қалықтай алмай,

Адалдық пенен жан биігі деп сарсылып жағым,
Мен гана сорлы, өзгелер жүр деп барша
ұғып жанын.

Көңілім менің адам пендеге сену дегеннен,
Беті қайтып қап, жүрегім жылап,
жаншылып жаным,

Жүрген кезімде Сізге кезіктім.

Сізге кезіктім,

Алатаудан да биік еттіңіз аласармайтын,
Бұл өзі қандай биіктік, аға, тау аса алмайтын?!
Аспанға мені апарып қойдыңыз,
сол жақта тұр деп.

Орынсыз ешкім саусағымен де
жанаса алмайтын.

Жігер жаныдым, жылу ап ыстық мейіріңізден,
Бір жанашырлық сезілетіндей кей үніңізден.
Енді тек менің от болып жанып, жасымауыма,
Мендегі үміт пен Сіздің бір дархан
пейіліңіз – дем.



МАҒАН ДА АҒА, КЕРЕГІ ЖОҚ...

«Маған түк те керегі жоқ, сенсеңіз...».
Қадыр Мырзалиев.

Маған да, аға, керегі жоқ,
тіпті, ешкімнің, ешнәнің,
Ренжітті ол..
мұң ұйыды көздеріне кештерім...
Жүрегіме салынатын көріксіздеу суреттер,
Құдайға аян —
бұған дейін қаншама рет кешкенім...

Маған да аға, керегі жоқ,
тіпті, ешкімнің, ешнәнің,
Сезім жеңген..
ақ, бұрында әжем айтқан өсті едім.
Ей, адамдар,
маған маза беріңдерші, өтінем,
Керегі жоқ,
сыйламаңдар, қайығың да, ескегің...

Маған да аға, керегі жоқ,
тіпті, ешкімнің, ешнәнің,
Бір-ақ тілек —
жүректегі ұлы армандар өшпегін..
Бірақ сонсоң..
сүйсе ол мені, сосын анау шексіздік...
Арман, арман..
міне, өстіп мен келмесе де қош дегім,
деймін тағы керегі жоқ, тіпті, ешкімнің,
ешнәнің...



САҒЫНДЫМ СІЗДІ...

(Ақын Жұматай Жақыпбаевқа)

Сағындым сізді...
Көрмегем, көкте көремін.
Ләйладай қызды
Жүрегің, өпкен өлеңің...

Қояр ем бір гүл
Алыс қой сіздің белес тым.
Оқыр ем мың жыр,
Алматыда да емеспін.

Айналды-ау дертке,
Көрінбей көзге Ләйлаңыз,
Қараймын көкке,
Іздеп жүр ме дөп Айдан із.

Кеттіңіз ерте,
Өртеген сезім-мұңыңыз?!
Ләйладай ерке,
Соғып тұр жүрек-жырыңыз...

Сағындым сізді...
Көрмегем, көкте көремін...
Сағындым сізді...





ЕЙ, АЛМАТЫ...

Алғы күннің асылып мойынына,
Көудедегі жан құштар ұлы елөскө.
Жастығымды жасырып қойынына,
Алматының бейнесі күледі өсте.

Бал күндөргө куәгер сыршыл достай,
Көшеләрі көрілген Алматының.
Тұлымшағы жөлкілдөп, саған барып,
Сөзім-көлдө құйылар бар ма тыным?!

Бір үмітім төбедө, бірі өтөктө,
Ей, Алматы, қол бұлғап, қарамашы.
Алыстан-ақ жұбатып, сылап-сипап,
Саусақтарын жүректің салалашы.
Сөндө ме әлдө, дәруіш жан аласы?!
Ей, Алматы, қол бұлғап, қарамашы...





СЕН КЕЛІПСІҢ...

*Сен келіпсің тағы да іздеп мені,
Жүрек әлі үмітін үзбеп пе еді?
Кетіп ең гой жыраққа мені өзіңнен
Арман өні бөлектеу қыз деп тегі.*

*Мені іздеуің, таң қалдым, қызық мүлде,
Неғып жүрсің жаңбырлы бұзық күнде?
Жұлдыздары мысқылдап мазамды алды
Көңілімнің есігін бұзып түн де.*

*«Келәм» депсің, «тағы да», алабұртып,
Келгеніңмен түпкі ойды қалам іркіп.
Келмей қойдың, күн батты ұясына,
Қызыл нұры жүректі дара жыртып.*

*Сабыр кетті, сезімді түтіп күлдім,
Түн жымиды қызылын жұтып күннің.
Арасынан көктегі жұлдыздардың
Сен кеп қалар деп ұзақ күтіп тұрдым...*





НЕ ДЕСЕМ ЕКЕН...

Үнсізбін, не десем екен қазіргі шақта мына,
Түсінбей жүрерсің деймін сыр айтсам
ақтарыла.

Көз жұмып, ұмытып бәрін,
«бұлбұлым бол» десем бе,
Мұңайсам әр беретін көктемгі бақтарыма.

Сезім-сел десем бе әлде, жай нәрсе тасынғаны,
Аулақ жүр, қызбын ғой бір мұңы көп басындағы.
Білмеймін не дерімді, себелей апарсың ба,
Тамшы боп, сарғайғанда жанымның
жасыл бағы?

Мезгілсіз бұлттар келіп,
торласа жанарды шын,
Мен үшін жылап-күлші, десем, сен қалармысың?
Құлазып, жабырқасам, үнсіз боп тұрып қалмай,
Өзіңше бірдеңе ғып жұбата алармысың?

Сағынсам, қанат байлап,
құс болып жетермісің?
Мені аппақ жыр тағына қондырып кетермісің?
Жо-жо-жоқ, жара салып қайтесің, аулаққа кет,
Күні ертең қызықтырып жүрер бір бөтен мүсін.

Жүрекке сезімімнің патшасы қолдаса кір,
Әйтпесе, қайт жігітім, еліңе жол боса бір.
Қырсық қыз ұнатады бәлені сезім деген,
Қайтесің әуре болып, сезімің болмаса құр.



К-ГЕ

Депсің сен, «гашық еткен Айдай тек сұлулығың»,
Қалмай ма бұлт бар кезде бере алмай жылу күнің.
Жанымды қараңғы деп, теңесең өзімді Айға,
Нұр берген қара түнге Күннен Ай сұлу бүгін.

Депсің сен, «енді білдім сұлудың сырты ғана»,
Десе жұрт, «сұлу деген Күннің де бұлтты бар-ә!?».
Сол «Күнде дақ бар» десіп, жүр қазір бәрі ойланып,
Кінәлай ұрысумен деп, Айға «жылтырама».

Мен жайлы білмейсің бе, ішіме қара, кір де,
Жан далам ұқсай ма екең, күні жоқ қара түнге?
Мендегі жыртығы көп жүректі көре қалсаң,
Жазылмай келе жатқан бар ескі жара, күлме.

Сөніңше, қара түнде адасып жүру күпті,
Күн сені арашалап, көудеңді жылу қыпты.
Жұмағам айтқандай-ақ, «көзбенен есту керек»,
Жүрекпен ұғу үшін қандай да сұлулықты.

Сыртыма ғана менің табынса барша ағайын,
Дағы бар Күн жоқ болса көудемде, ар санайын,
Тек бірөу ұқлайтыным, қалайша гашық болдың,
Маған көп, жарығы жоқ болса өгер жан сарайым?!

«Жаныңда сұлулық жоқ» дөуің де күйік тіпті,
Сол себеп, гашықсымақ жүрегің сүйіп бітті.
Жасанды ұнату ғана ұқлаған – менің бұл
Түн - жүрәгімдегі аласармайтын биіктікті.

СЕНІ ІЗДЕП ЖҮРЕМ...

*Қол алысайын арманмен,
Кеудемде менің жаншы үміт.
Ей, бала, кеттің, Алдар ма ең?
Жүрекке түйір тамшы іліп...*

*Бақыт дегенім, сенгенім –
Өңім түгілі, түс те емес.
Ақиқатым да, көргенім –
Балалық күнім – күшті елес.*

*Әлдилер әсем әнімем,
Өң менен түстің арасы.
Сені іздеп жүрем бәрінен,
Ауылдың қара баласы...*





СЕНІ ІЗДЕЙМІН...

*Көктем гүлдері кеудемде бүр ату үшін,
Жылымық жанды әлдилеп жұбату үшін.
Сен боп күлмейтін өмірді ұнату үшін,
Өзіңе деген сезімді іздеймін...*

*Тамшы жыр болып жүректен тамбағанымда,
Көгімнен бұлт боп, жеріме жаумағанымда,
Күн әлемінен күн іздеп жаурағанымда,
Қап – қара мөлдір көзіңді іздеймін...*

*Өзіңді менің жүрегім сүйген-ді күйіп,
Жаттанды биді өзге көп үйренді сүйіп...
Жоғалтып алып өзіңсіз бейнемді биік,
Өзіңнен кейде өзімді іздеймін...*





СҮЮ ДЕГЕН...

Сүю деген менде өзі бұрын болған,
қара бала көңілге ұрын қонған.
Жағасында Ырғыздың жақсы деген,
соған арнап жазғанмын жырымды оңған.

Соны ғана ұнатқам, жылап-күліп,
жүрегімді ол жаулаған тұрақ қылып.
Сол бала ғой – ұнаған, ұнаттырған –
сыңғырлаған, бал-бала, бұлақ қылық.

Ақ іздейтін күн түгіл қара түннен,
тәттілік-ай, періште дара күлген.
Мен іздеймін іздесем махаббат пен
мөлдірлікті тек қана бала күннен...





ТЕЗІРЕК КЕЛШІ...

— Тезірек келші. Сағындым.
— Түсінікті.
Жүрегің сезім құстарын ұшырыпты.
— Қашан қайтасың?
— Айта алман, білмейсің бе?
Бағынатынымды жазмышқа тісі мықты.

Қайталап едің,
сағыныш тілге батты.
Жалғыз қалғанда жүрекке түн де қатты.
Поезға қимай шығарып салғалы да,
Күнтізбедең де білем, көп күндер ақты.

Шын ба осы,
сендік ішкі әлем мен деседі?
Сезім мен төзім арбасып терлеседі...
Ал екі жақта біздерді өлділейді
Алдарқатумен әзірге жер төсегі.

Қайтесің осы, «тез көл» дөп, еліктіріп,
Көңілшек нәзік жүректе желік құрып?!
Кейде бір күдік ұрғылап, сенің мені,
Сүйетініңе сенбеймін сеніп тұрып.

Әйтеуір түбі қалай да сендіргенше,
Сөзімге өзіңді бүп-бүтін жеңдіргенше,
Күн өлтірермін мен бөлкім, сеніп бір сенбей,
Саған қашан «бұл – Мәжнүн» деп ел күлгенше.

— Тезірек келші...
Құштар өң, сен салатын.
— Қайтам, соқса кешікпей жер сааатын.
Дәлелдер, бірақ, бараанда сағынғаныңды,
Жүрекке біраз өлі де мең сала тұр.



ҚҰРБЫ ҚЫЗ МҰҢЫ

*«Қайда екен мен көксеген дара бақыт?
Жүрмін жанды өзгеге жаралатып.
Кейде біреу бауырына басса деймін,
Саясына шақырып, паналатып.*

*Мендік арман қайда жүр іздегенім?
Жол жіңішке, дәрменсіз қыз дегенің.
Арманы аппақ сағымға айналған соң,
Таба ала ма, таппайды іздегенін».*

*Деп күбірлеп отырды жанымда қыз,
«Алданамыз бекерге сағымға біз» –
Деді сонсоң, әлде пөк көңілінің
Кетті ме екен ойран сап бағында күз?!*

*Үміт үзбе, сен күткен атады ақ таң,
Дедім оған тұратын шапағаттан.
Жалғыздықтан емес-ау жүрегің тек,
Бұдан былай ауырсын махаббаттан.*

*Тағдыр нәзік жаратқан қыз баланы,
Жүрек талай ауырып, сыздар өлі.
Өмір деген — қайшылық, бәлкім, оның
Жанында жүр арман боп мұзбалағы.*





ЖАЛҒЫЗБЫН...

Жоқты аңсап, барды сезінбей,
Арманның құрып ындыны.
Іздейді екем өзімдей,
Қиялы аппақ жындыны.
Мойнымда тынбай сыңғыры,
Жазмыштың темір шылбыры.

Дүние кезіп кетсем бе —
Ойдырып тасқа табанды?!
Ұға алмай өзің кеткенде —
Түнім де – Айсыз қараңғы.
Тірілте алам ба өлеңмен,
Жарамды «сен, сен!..» деп өлген?..

Сарғайып сіңіп сағымға,
Жалғандық өнін салғыздың.
Мен үшін меңіреу жаныңда,
Қалмаса мейір – қар, мұзбын.
Көйлегін киген сан күздің,
Көлеңкесі жоқ жалағызбын...





СІЗДІ БӨЛЕК ДЕП ЕДІМ...

Сізді бөлек деп едім,
мына қара тобырдан.
Сөнді үміт дегенім,
білмен, қандай ток ұрған?!

Жай жаңбырдың суындай,
құмға барып, сіңдіңіз.
Ара түсу бұйырмай,
менен алыс тұрдыңыз.

Біздейлердің мекені —
деп жүретін Көкті қыз.
Суға айналып... не етемін,
құмға сіңіп кеттіңіз.

Сізді қыс деп бақытты,
жазбен жүр ем достасып.
Көктем көңіл жатыпты
сөйтсем, Сізбен қоштасып.

Түнді сірә, күн деймін,
сеніп, кіммен келісем?!
Өкінішті, білмеймін,
Қанша адаммен керісем?!





ӨКПЕ

Мәңгілік менің досымдай,
бала мінез бен еркелік?
Әжетай, неге осындай,
өсірдің екен ерке ғып?

Мейірім күтпен жұрттан сан,
еркелікке енді кім ие?
Күн болар деппін, бұлттансам,
дөңгеленіп кеп дүние.

Ұғып қоя ма бөтен шын,
тылсым сырларын көзімнің?
Сен де – мен емес екенсің,
несіне сен боп көз ілдім?..

«Біреуміз деп ең, — екеуміз»,
бәлкім, бұл – жанның арманы.
Жоқты аңсап жүрміз бекер біз —
жалғыздық – мұңым жандағы...
жүрегім — жалғыз, жалғаным...





ӘН АЙТҚЫЗУШЫ ЕМ...

Ән айтқызушы ем,
өзіңе әркез қалаған сәтте,
аласұрғанда, жүректі жалын жалаған сәтте.
Әнмен жұбанып, жүруші ем сені сүйенішім деп,
кімге айтам енді, мұңдардан менің
күйеді ішім деп?!

Шырқашы келіп,
даусыңды мүлде сағынып кеттім,
жарадан барлық келе ме осылай
жазылып кеткім?..
Әніңе сенің қалар ма ем мәңгі гашық күйімде,
демесе көзің көңлімді нәзік басып, «күйінбе!»

Отырушы ең гой, тылсым өуенмен
әлдилеп мені,
жабыққанымда жұбаныш болып, ән күйретпеді.
Бүгінде сол ән жараламаса, жұбатпайды енді,
сенің өуенің әйтеуір менен жырақтай берді.

Дедім бе, әлде жүректі тағы тырналап кетер,
күйдірер сонсоң, көзімнен жастар
сырғанап бекер.
Естімен мүлде, керегі жоқ ән, жақындамасын!
Осыменен-ақ маған деген бар ақыңды аласың...





* * *

Үміт деген арман мен,
Кейде адамға алдамшы.
Өтірік десе арқамды
Тіліп өтсін бар қамшы.

Кешегімнен бүгінім –
Болып кетті басқарақ.
Ұлып қалды ішімде –
Жырға сезім ашқарақ.

Өңде көрем бе деген,
Түсте көрем биікті.
Сүт – арманды мезгілсіз,
Жазмыш келіп ірітті.

Аппақ, үлке-ен Арман ем,
Енді тамшы үмітпін.
Бүгінімді көрем деп,
Ертеңімді ұмыттым.

Құм боп таудай талап бар,
Табанымда қалмақ па-ай,
Күн өлер ме көппенен,
Бақты күтіп бармақтай...





* * *

Күресіндерде жеңілдім...
өйтпесе неге өртендім?!
Анарынан өмірдің
ішімнен тынып, дерт емдім.

Сенә алман үміт-гүлге де,
оның да мұңы – жан бағу.
Таңдайымдағы бірдеңе,
әйтеуір емес бал да у.

Келсеңші маған көкеләп,
жыраққа кетпей, арманым!..
Өзімді өзім жетеләп,
көлөңкеңнен бір қалмадым,
арманым...





ӨКІНІШ

Жан емес ем сағынбас,
Жанарымда шарбы мұң.
Бәрін білсе жаңылмас,
Адам өмір-жарғының.

Өкініштің жидесін,
Нешеме рет кигенмін?!
Келетіні-ай күйгесін,
Өкінбеуді үйренгім.

Өкінеміз мен де, сіз,
Жіберіп ап жаңсақтық.
Қанша ақылға кендесіз?
Жүректерді шаршаттық...

Ана өмір ме – жайшылық?..
Мықты ақыл-ой – бекініс.
Өмір, өмір – қайшылық,
Қайшылықтан – өкініш!

Қайшылыққа қарсылық –
Күрес мәңгі жалаулы!
Үйренермін, тамшы үміт...
Байыппенен қарауды.





* * *

Тамыры төрең, бақыт-мұң,
Жыр сыйлап, жанды желпіндір.
Жанарында уақыттың –
Бостандық пен еркім жүр.

Дөңгелек дүние-мезгілге,
Бөлі сынбайтын өткөлмін.
«Менімнен» менің бездім бе?!
Өзімді өзім жөк көрдім.

Жағасында қол талдырған,
Уақыт деген Ұлының...
Алақандай бір тағдырға
Байлаулы қысқа ғұмырым.

Жазмышымның ырқынан,
Босауды ғана жан қалап...
Еркіндігіме ұмтылам,
Армандарымды арқалап...
Босауды ғана жан қалап...
ей, Уақыт!..





* * *

Сен телефон соқпайсың,
Бәлкім, сағынбағаның?
Кешегіңдей өртөніп,
Мен деп жалындамадың?

Сен телефон соқпайсың,
Мүмкін, ойламағаның.
Мені ойламады деп,
Мұңайып, ойға қаламын.

Сен телефон соқпайсың,
Сірә, есіңе алмадың.
Әйтөуір, хабарың күтіп,
Мұңды күнгейге көшіре алмадым.





* * *

Таға бергем несін мін?
Көшіре алсаң, көшіргін.
Өкпелетіп мөн сені,
Жаныңа мұң көшірдім.

Бір жылап, бір күлемін,
Бірге болсақ – тілегім.
Саған өссіз ғашық боп,
Дәртті болды жүрегім.

Айналам нұр өзіңмен,
Мен сен болып, көз ілгем.
Тек өзің ең сәт сайын,
Жыр көретін көзімнен.

Сен өсімнен көтпедің,
Ән-жыр болып көктедің.
Сен жоғалсаң жанардан,
Күзге айналар көктемім.





* * *

Келсе-дағы мойыныңа асылғым,
Маған деген сезіміңнен безінем...
Қара түнде толқып, тасып, басылдым,
Мен жоғалып кете жаздап сенімен...
«Сүйдім сені!» дегеніңе сеніп ем...

Сіңіп қалған... уақыттың бояуы,
Сыр ағыттың әңгіме айтып көсіле.
Сезім-нөсер төпеп-төпеп қояды,
Сені өлең түсірмесе есіме...
Үміт шогын үрлей бердің нөсіне?..

Түсініксіз болып өзім өзіме,
Дал-дұл болды жүрек құрғыр жаралы.
Көлмей-ақ қой, көрінбеші көзіме,
Айыра алман сендегі ақ пен қараны.
Жақсы жігіт...
үміт сеніп барады...





БАЛЛУСА СЕЗІМ

немесе

15 жастағы қыз күнделігі

Несіне мен сені сағындым,
Сағыныш жасына малындым.
Мені де бақытты етші деп,
Таадыраа мың мәрте жалындым.

Мендей аып саған ән жазбақ кім?
Махаббат отыңды маздатқын.
Армандар ұрлап ап, тыншымды
Өзімді ұмыта жаздаппын.

Несіне мен сені ұнаттым,
Жүректе аққайың бүр атты...
Сұлу да емессің, таппадым,
Жауабын осы бір сұрақтың —
Несіне мен сені ұнаттым?!

Сөзімдерге тоңдырмашы, күн аалам!
«Ұнатамын» деп еді ғой бір балаң.
Енді міне, күтіп жүрмін сеніп қап,
Қандай жан ед есімді алып, шырмаған?!

Сөзім нұрын мен деп қана жинаған,
Сол бір жанды ұмытам деп қинадам.
Мерекеде сөзімді құрметтедегі Ақтөбе
Алғаш рет бала-бүлбүлденің кітапха
коммуналдық мемлекеттік мекеме



Кім басынан кешірсесе күл дер ем,
Мектептегі махаббат қой бұл деген.
Бала жүрек тұрса-даағы ұнатып,
Бірақ, бірақ жырақ кеткен, жүрмеген.

Тұңғыш сонда жүректе қан ысыған,
Ұмыту? Жоқ, неге көзден ұшырам?
Бітпек емес қайта мәңгі алғашқы
Мектептегі махаббатым үшін ән.

* * *

Өкпем бар, саған қалай жетер екен,
«жақсы көрем» деп едің, бекер екен.
Болмысың, айтқан сөзің мұзға айналды,
Жүректен қалай еріп кетер екен?!

Мүмкін, сен шын ұнатып өртенбедің,
Жалғанменен жүзіңді көркемдедің.
Тек сенің жүрегіңе жетсе екен
Менің бір өкініштен өртенгенім.

«Ұмытқан жоқ!» десе де үміт-әнім,
Ән де жазбан, жетті енді ұмытамын.
Сенің күндей көздерің қазір суық,
Айтшы, немен жанымды жылытамын?!

* * *

Бұрынғыдай емес қой қарағаның,
Неге бұлай жүректі жараладың?
Өкің, енді бір кезгі сен емессің,
Менің адал ашыққа балағаным.
Әттең, солай десем де, күл боп ұшты,
Ұмытуға тырысқан бар амалым.

Қалай да өстен бейнәңді өшіремін,
Бұлт торларын күнгейге көшіремін.
Сызам саған арналған ән жолдарын,
Тек түспесін атың да есіме мың.



Бірақ бір сәт таң қалам саған бола
Қиналғаным не сонша осы менің?!...

* * *

Жүрек сырын түсін, мейлің, түсінбе,
Соңғы кезде көрем жиі түсімде.
Неге, неге, не үшін әлде мені,
Он төртінде ұнатқаның үшін бе?..

* * *

Жетөгімен албырт сезім елестің,
қызаандырам деп өзіңмен егестім.
Көп көзінше кеткенімде басқамен,
«бұл қыз өзі осындай ма?» демес кім?
Іш дүлей боп, бара жаттым, өзгелер
ерсі көріп, ұқпай қалды мені ешкім.

Түсін, жүрек байғұс таағы кешті мұң,
сенен басқа жоқ ұнатқан ешкімім.
Құрсын, мұнан көзге ілмей өтсемші,
жігіт біткен бозбаланың ешбірін.
Қызғанбасаң... мүмкін емес, ақ менің
өкініштен басылмай тұр өксігім.

* * *

Сезім жоқ па, жанымды шын ұқпадың,
Жара салды көңілге қылықтарың.
Құрай алмай отырмың, қайтсем екен,
Шарт бөлінген көңілдің сынықтарың.

Белгілі – басқа бір жол бастайтының,
Жүрек кілтін қайта көп ашпайтының.
Бұрынғыша менің де анық өнді,
Буырқанған теңіздей таспайтыным.

Өртемеді кеудеңді тылсым дәмің,
Өкінбөдің, әйтеуір күрсінбөдің.



Сенің мені бұлайша ұнатқаның,
Ойлан, ойлан, келеді құрсын дегім...

* * *

Басқа жанды неге кезіктірмедім?..
Жетіншідегімдей безіп күлмедім.
Түсінбек түгілі, көзімде мұң барын,
Жүрегің тастан ба, сезің білмедің.

Жігіттен бүгін безіп, қорландым,
Көзіңді мөлдір көріп, алдандым.
Өзің «ашық боп, ұнаттым» дегенде,
Балалық көңілмен сеніп қалаанмын.

Қайтейін бұлай ұнатқаныңды,
Сен үшін қанша рет гүл атқанымды.
Білмейсің әттөң, сенімімді алдап,
Өкіндіре жанды жылатқаныңды...

* * *

Өмірге деген ашықтық,
Сені сүюден басталаан.
Балаң да бұла кез куә,
Күңкіл-желдерден жасқанғаам.
«Келәм» деп, келмей кеткенде,
Күйдіре көзден жас тамған.

Көрмеймін сені, жек көрем,
Жек көрем, бірақ ұнатам.
Отты сезім мен үмітін
Сыйласа егер бұла таң,
Еске түсірсе өткенді
Көктөм гүліндей бүр атам.
«Ол мені ойламайды» деп,
Өзімді сосын жылатам ..



* * *

Ініңді көрдім өскен өндірленіп,
Өкіндім, қарай алмай жөнді үлгеріп.
Сосын, сосын мектепке барғым келді
Саған ұқсас бейнені көргім келіп.

Барғым келіп, қайтадан бара алмадым,
Сенен басқа бақытты табар ма әнім?!
Еске түсіп, бала шақ, бала қиял
Тәтті елестен тербелді жан орманым.

Жүрмін әлі неге екен ұмыта алмай,
Өзге көктем жүректі жылыта алмай.
Тұңғығына мен бір кез батып кеткен
Сендік көздер, о, шіркін, жылы қандай!

Десе де «ұмыт», жанымның үні кейде,
Көңілге де, көзге де жылы бейне
Айналдырғым көледі мен өзіңді,
Мәңгі бақи өлмейтін ұлы күйге!





ЕМХАНАДА

Әрлі-берлі мазасыз теңселемін,
Қайтем енді алқына берсе демім?..
Күн ұзаққа алақтап есік жаққа,
Бүгін біреу шіркін-ай, келсе дедім.

Үмітімді түнге кеп талаттырдым,
Күлкіме көп таңданды қарап құрбым.
Жаным тағы құлазып, жетімсіреп,
Біреудің бір келгенін қалап тұрдым.

Жадау тартып, кеудеде жанат бағым,
Аласұрдым, кешіргін, Жаратқаным.
Біле тұра ешкімнің келмейтінін
Тысыр етсе, есікке алақтадым.

Ақымақпын, жетті енді кім келеді?
Іздеп сонша жарымда түнде мені?!
Күткенімде біреу кеп қақса деген,
Безірейіп есік те үндемесі.

Тұншыққандай күтуден тіпті, дедім,
Қайтсем екен, шыдамым бітті менің...
Мені көрем деп жүрген жандарға бар,
Мен де енді өзімді күттіремін!





ҚАЙЫҢНЫҢ МОНОЛОГЫ

I

Тереңге тамыр бойлатқан,
қайың ем мен бір сұңғыла.
Бүгінде жанға ой батқан,
жүрегімді ойып, мың жыра.

Қалқаны болып қараудың,
жүрегім тостым жетімге.
Жанымды тесіп қаяу мұң,
қап қойғам желдің өтінде.

Көктейсің деп ед қарт анам,
тасырға жай бір ағашпын...
Мұңыңды тыңдап, жарты адам,
бұлтты күн, сірә адастым...

II

Жымияды, шын ба екен,
қасымдағы қара ағаш?!
Күлем, күлем, мұң — мекен,
ақ жүрегім — жалаңаш.

Қара ағаштың бақыты —
өбектейді жел де кіл
Менің өліп уақытым,
сыр айтамын Жерге құр.



«АЛАСАРМА!» ДЕП...

«Аласарма!» деп, Ай төсін,
Кезетін мен деп жалғыз үн!..
Жоғалып кетсе, қайтесің,
Жер бетіндегі жалғызың?..

Ұққансып Сені сөзіңнен,
Тақылдағанда жүз көмей,
Ішінен мені көзіңмен
Тұра алармысың іздемей?..

Кеудеңе кенет енгенде,
Бір көктем менсіз «күз» дерсің,
Тірімде тұрмақ өлгенде
Еңіреп жүріп, іздерсің...





ӘЖЕМЕ

Пейілің, әже, аппақ қой маған мына
ақ қардан да,
Жаным езілген, кетерде өзің жылап қалғанда.
«Ботам-ау, сенсіз ұйықтай алмай,
тынышым кетіп,
Күрсініп шығам, дедің-ау сонда ұзақ таңдарға.

Егілдің үнсіз, иығыма менің асылып тұрып,
Іштегі күйдің тұрды ғой бәрін жасың ұқтырып.
«Жазда келем» деп, бетіңнен сүйіп,
жұбатқан болдым,
Көзімнен аққан жұлдыздарымды жасырып, күліп.

Өзіңсіз менің дем беретұғын тарлан жырыма,
Тұман ойларда айналатұғын арман, мұңыма.
Білем, мен жоқта күрсінетініңді бір өзің жалғыз
Жанұямыздың көк романында қалғандығыңа.

Тұрмын-ау қазір жүрегіңнің мен бір бұрышында,
Жайыңды ойлап, тарылғандай боп тұр
тынысым да.
Түтін түтетіп, отырар өттең, керек екен ғой,
Шаңыраққа бір тірек боп қалар ұл дұрысында...

Бірақ бұл өмір шуағын төгіп ала таңыма,
Адамның бәрін бақытты етіп жаратады ма?!
Қабырғаң сынып, қайғырмашы, көп,
өтінем, әже,
Мәпелеп өзім салып өтемін алақаныма.



* * *

Жанымда жоқсың, әже,
шаршап жүрмін, қаладан кетсем бе екен?
Қанат байлап, өзіңе жетсем бе екен?
«Жалғыз өзім бір үйде қайтіп жүрем, -
деуші ең, ертең жыраққа кетсең, көкем?»

Өзіңді ойлап, жүрегім езіледі,
қайғы-мұңым өзіңе сезіледі.
«Қызым менің — қызығым», деп жүрсің-ау,
«қандай сорға, бақытқа кезігеді?»

Дала көңлің жай таппай жылаудан да,
мезі болып, жылауық-тұмаудан да.
Ел ұйқыда жатқанда «құлыным» деп,
ұйықтай алмай жүрсің бе түн ауганда?..

Іште түрлі ой толқып, бүлік шығып,
сенделумен үйге көп, кіріп шығып...
Жүрсің бе, әже, қайтөйін, тағдыр сірә,
жалғыздықты жіберген құрықшы ғып.

Көктөм – желге бар мұның жалға кетіп,
қуаныштар толар ма жанға кетік?!
Деймін, қайдам, уақыт өтер сынды
өмір бойы бір жоқты арман етіп...





СЫР АҒЫТУ

Әже, тағы жалғызбын жылағанда,
Жанымда жоқ жұбаттар бір адам да.
Келіп көрші, не бұғып жатыр екен,
Көудемде бұл мінеки, мына арамда?

Осы маған ұқпаймың, не жетпейді?
Асқар арман көп жұрттан бөлектейді.
Жер бетінен ем іздеп, байғұс жүрек,
Бөбөу қағып, бірдеңе керек дейді.
Алатаудан тек кейде майда ескең,
Жалғыз ғана самал жел өбектейді.

Мұң кеп сосын жүректі құлыптайды,
Жаны бүтін өзгелер, бірі ұқпайды.
Жымияды кейбіреу өп-өтірік,
Қайтем, жамау жанымды жылытпайды.
Мұнда да өз отыма күйіп-жанып,
Жүрмін әже, ішімде ұлып қайғы.

Мейірімге шөліккеп жатқанымда,
Жан іздеймін боларлық қақпа мұңға.
Мен өзіңсіз жатамын жалғызсырап,
Құбылмалы көңілдің шақтарында.
Түзде енесін сағынған ақ бөкендей
Білсең, шыдап жүргенім шаққа мұнда.

Сыңсыған бар мұң тұнып жүрегімде,
Жұбаныш қып өлеңді жүремін де.



Келмейді ешкім, келгенмен, жұбатқанмен
Таба алмайды бәрібір бірі емін де.
Әже, сен де жұбатпа, одан-дағы,
Жанып, күл боп кетейін жыр елінде.





ӘЖЕШІМ-АУ...

Әжешім-ау, сені ойлап, мұңаямын,
Қартайыпсың, жүдепсің, тым аядым.
Алатауым, ақ бастым, не ойың бар,
Ана жаққа тарта ма бір аяғың?!

Кәрі емәңдей еңкейген кәрі мүсін,
Жақсы көрем мен сені бәрің үшін.
Тамақ емес, қайғы ішіп мұңаймашы,
Жете ме үнім, Құдайға жалынышым?!

Айналайың, қазынам, көне қорық,
Түсі құрғыр түндегі неге жорық?!
Тұра берші өз тауым, тау қалпыңда,
Кішірмегей бір күні төбе болып.

Өмір деген тәтті гой, сүре тұршы,
Әңгіме айтып күлдіргі, күле тұршы.
«Мен бақытсыз болғам жоқ,
бақыттымын»,
деп әлі де жер басып, жүре тұршы,
Өмір деген тәтті гой, сүре тұршы...





* * *

Дауыл ем, көңе қорған,
Басатын жауын едің.
Мен — жай бір төбе болғам,
Сен — заңғар тауым едің.

Ірісі ең ірілердің,
Тарыдан ұсақ едім.
Мен десе жүгірер мың,
Ашылар құшақ едің.

Жел үрсе қалтыраған,
Нәзік бір құрақ едім.
Күндей боп жарқыраған,
Жылытар шуақ едің.

Сен жоқсың «күнім» деген,
Қазір көз жасым болдың.
Жүрегім тілімдеген,
Найзағай, жасын болдың.

Көзімнен бұлбұл ұшып,
Бүгін күн жоғым болдың.
Апандай үңірейіп,
Босаған орын болдың.

Мен — сенің балаң ескек,
Сен — ерөн кемем болдың.
Ақыры бар болғаны —
Жазылар өлең болдың...



АСҚАР ТАУЫМ ҚҰЛЛДЫ...

*Асқар тауым құлады,
Жерге түсті Аспаным.
Бір дүйім ел жылады,
Жоқтау айтып, жас жаным.*

*Жастан моншақ тағындым...
Еркелетер кім енді?!
Бұлттан қара жамылдым,
Күнім түн боп түнерді.*

*Жаратқанға бас ұрдым,
Өңім бе деп, Тәңірім?!
Сырт айналып, жасырды
Жарық әлем жарығын.*

*Жазғанынан озбады,
Пендесіне жар Құдай.
Босатшы деп боздадым,
Босатпады жан Құдай!..*





* * *

Ешкім де періште емес, жел де өсірік,
Бәрінде де бір күйе — пәндешілік.
Сен іздеген — жоқ мүлде, ал табылса,
Кетсін осы қазір-ақ жер тесіліп.

Өзім деме, ешкімге өліп-өшпе!
Нені іздейсің, жоққа не көзің еш пе?
Езілмесін бауырың, ертеңгі күн —
Еңіретіп кетер құр сезім-еспе.

Ұша ма үміт арманды енді айға алып?
Кеткен сірә, сендік жоқ нөлге айналып.
Ішің жылап, көн, көнбе, өмір бойы,
Жер — сені, Сен жүресің Жерді айналып.

Міне, осылай жогыңды таппағасың,
Періштелігін періште сатпағасың,
Сөйтіп, бір күн көлеңке – жалғыздықпен,
Екінші бір әлемге аттанасың...



КЕЛСЕҢШІ, БАЛА...

*Күттірдің ғой көп,
келсеңші, бала.*

*Түсіме күнде
Енсеңші, бала.*

*Жүрсің бе, сенбен,
сағынбай, бала?
Сағыныш менде –
жалындай, бала.*

*Қаннен қаперсіз,
асықпай бала,
Жүр ме екен өзге,
Жасытпай, бала?*

*Көрмесе бір сәт,
өбетін бала.
Көзімнен мұңым –
көретін бала.*

*Тіледім тәңір
Қосқанын, бала.
Алаңдап күн-түн,
тосқаным – бала.*





* * *

Жазылмаған жыр – кептер мұң,
Көк бел – түндерім...
Жыртылған беті дәптердің –
Өткен күндерім.

Естелік тәтті – кешегім,
есімді алатын,
Қашқам қарадан неше мың,
кешір, қара түн!

Қара бояудан тоңатын —
күйде ем, қарағын...
Қап қара бала болатын —
Сүйгені, қарағым.

Іздөмен ақты, шаршадым,
Жалған тойлап тұр...
Аппақ әлем боп бар сағым -
Ойнар алдап кіл..





ЖАНЫМДЫ ЖЫРҒА БӨЛЕШІ...

*Ғашық қыл жамалыңа,
Нұрыңа бөлеп өзің.
Зәрумін самалыңа,
Панаңа аяқ Төрөм өзің.*

*Жанымның сая бағы,
Үміт тұр алатаңдап.
Өзің-ақ аялағын,
Жабықсам, алақанға ап.*

*Ақиқат – көрік үшін,
Сендік сөз – асыл Құран.
Бас тартсам — Сенің үшін,
Қызылды-жасылдыдан.*

*Ақтарам кімге ішімді?!
Балапан, қарғам дегің,
Кешіріп білмесімді,
Жаратқан Аллаһ менің!*





МАЗМҰНЫ

Кешіріңіз...	3
Нөл	4
Ауаға сіңіп кетпесем...	5
Үрей	6
«Көкте ме осы пенденің асқан бағы?..»	7
Бұлбұлдың әні	8
...Өлара заман бұл	9
Ағаға	10
Маған да аға, керегі жоқ...	11
Сағындым сізді...	12
Ей, Алматы...	13
Сен келіпсің...	14
Не десем екен...	15
К-ге	16
Сені іздеп жүрем...	17
Сені іздеймін...	18
Сүю деген...	19
Тезірек келші...	20
Құрбы қыз мұңы	21
Жалғызбын.. ..	22
Сізді бөлек деп едім...	23
Өкпе	24
Ән айтқызушы ем...	25



«Үміт деген арман мен...»	26
«Күресіндерде жеңілдім...»	27
Өкініш	28
«Тамыры терең, бақыт-мұң...»	29
«Сен телефон соқпайсың...»	30
«Таға бергем несің мін?...»	31
«Келсе-дағы мойыныңа асылғым...»	32
Балауса сезім	
немесе 15 жастағы қыз күнделігі	33
«Ініңді көрдім өскен өндіріленіп...»	37
Емханада	38
Қайыңның монологы	39
«Аласарма!» деп...	42
Әжеме	43
«Жанымда жоқсың, әже...»	44
Сыр ағыту	45
Әжешім-ау...	47
«Дауыл ем, көне қорған...»	48
Асқар тауым құлады...	49
«Ешкім де періште емес, жел де есірік...»	50
Келсеңші, бала...	51
«Жазылмаған жыр – кептер мұң...»	52
Жанымды жырға бөлеші...	53

Жанар Нұрғали

АППАҚ ӘЛЕМ

Беттеуші-дизайнер Сәтжан Дәрібай

Басуға 29.11.2011 қол қойылды.

Офсетті басылыс. Баспа табағы 3,5.

Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс № 1823

«А-Полиграфия» ЖШС-де басылды.

030012, Ақтөбе қаласы, Т. Рысқұлов көшесі, 190.

Тел: 56-21-54.

Тапсырыс берушінің дайын оригинал-макетінен басылған